



Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасында жасанды интеллектінің қарқынды дамуы жағдайында және адами капиталдың негізгі элементі ретінде заманауи, инновациялық білім беру жүйесін қалыптастырудың шұғыл қажеттілігін негізге ала отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
 - 1) 2026 жылғы 1 шілдеге дейін орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге бағытталған, дербес оқыту тетігін, цифрлық инфрақұрылымды, педагог кадрлар даярлауды, білім алушылардың дербес деректерін қорғауды көздейтін Орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің 2026 – 2029 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітсін;
 - 2) қалалық және ауылдық мектеп-

тер арасында білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту мақсатында Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің мүшесі Ли Кай-Фудің ұсынымдарын 2026 жылғы 1 маусымға дейін іс жүзінде қолданып, орта білім беру саласындағы пилоттық жобаны іске асыру, одан әрі кеңінен қолдану жөнінде нақты ұсыныстар енгізісін;

3) 2026 жылғы 1 тамызға дейін пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде тұрақты, жылдамдығы жоғары интернеттің болуын қоса алғанда, мектептердің техникалық жарақтандырылуын қамтамасыз етсін;

4) 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін білім беру контентін генерациялауды және оқу нәтижелерін бағалауды, сондай-ақ білім беру мекемелерінде жасанды

интеллект құралдарын пайдалануды реттеу мақсатында академиялық адалдыққа кепілдіктер беруді қоса алғанда, орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектіні қолдану стандарттарын бекітсін;

5) 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін педагогтердің үздіксіз кәсіптік дамуын көздейтін және жасанды интеллект технологияларын педагогтердің кәсіптік қызметіне нұқсан келтірмей және оны алмастырмай білім беру процесінде қосымша тиімді құрал ретінде пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар жоспарын бекітсін;

6) орта білім беру ұйымдарындағы дербес деректерді қорғауды күшейту және білім беру контентінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының та-

лаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері:

1) 2026 жылғы 1 тамызға дейін Кешенді жоспармен үйлестірілген, орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні ендіру жөніндегі өңірлік жоспарларды бекітсін;

2) пилоттық жобаны және Кешенді жоспарды іске асыру мақсатында ұйымдастырушылық және өзге де іс-шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев
Астана, Ақорда,
2026 жылғы 12 мамыр
№ 1274.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі **Олжас Бектенов** Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру барысына мониторинг жүргізу жөніндегі орталықтың кезекті отырысын өткізді. Онда өңірлерде тиісті Тұжырымдаманы жүзеге асыру барысы, волонтерлік қозғалысты қолдау жөніндегі шаралар, сондай-ақ экологиялық туризмді дамыту жайы қаралды.



«Баршаңызға мәлім, "Таза Қазақстан" ұғымы жаңа Конституцияның негізгі қағидаттарының біріне айналды. Атап айтқанда, қоршаған ортаны қорғау, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және табиғатқа деген қамқорлық құндылықтары басым міндеттер ретінде айқындалып отыр. Бұған дейін бекітілген "Таза Қазақстан" тұжырымдамасында экологиялық саясатты жүзеге асырудың негізгі буыны ретінде жергілікті атқарушы органдарға маңызды рөл жүктелген», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының ақпараты бойынша мегаполисте экологиялық акцияларға 146 мың адам қатысқан. 126 жерде 7 жалпықалалық сенбілік өткізіліп, 18 мың текше метр қалдық шығарылған. Биылғы сәуір айынан бастап қалада санитарлық күтімнің «Бір аудан – қасбеттен қасбетке дейін бір мердігер» атты жаңа моделі енгізілді. Бұл тәсіл аумақты жинау, қадағалау сапасын және тұрғындардың өтініштеріне жауап берудің жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді. Көгалдандыру аясында 1,4 млн-нан астам жасыл желек отырғызылды. Қаланың сәндік-гүлді безендірілуі бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы жылдан бастап гүлмен көгалдандыру алаңы екі есеге, яғни 450 мың шаршы метрге ұлғайтылды. Сонымен қатар, биыл экологиялық тәжірибелер мен қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін насихаттайтын алғашқы мобильді экотрак іске қосылды. Экотрак спорттық және мәдени іс-шараларда белсенді қолданылып, қатысушылар мен қонақтарды экологиялық бастамаларға тартуға ықпал етеді.

Алматы облысында экологиялық іс-шараларға 271 мыңнан астам адам қатысып, 98,1 мың ағаш отырғызылды, 6,4 мың тонна қалдық жиналды. Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев «Барыс» және «Көшпенділер» экопарктерінің жобаларын жүзеге асыру барысы туралы баяндады. Қарасай аудан-

Олжас Бектенов Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру бойынша отырыс өткізгі

нында қуаты 450 мың тонна болатын Kaz Waste Conversion қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу зауытының құрылысы жалғасуда. Freedom Holding компаниясымен бірлесіп туристік инфрақұрылымды абаттандыру жұмыстары жүргізілуде: Қонаев қаласында ұзындығы 1 шақырым жағажай жаңартылды, коммуналдық жағажайларда да жұмыстар жалғасуда, сондай-ақ Кеген ауданының «Көлсай көлдері» табиғи паркінің, Райымбек ауданының «Тас Төбе» жотасының, «Түзкөл» көлінің және Қаскелең өзенінің бойындағы аумақтарды абаттандыру бойынша жобалар жүзеге асырылуда.

Ақтөбе облысында 200 мың ағаш отырғызылды, 395 бейнебақылау камерасы орнатылды, 1482 көппәтерлі үйде суды есепке алу құрылғылары орнатылды. Сонымен қатар, 26 шақырым веложол салынды, ТҚҚ қабылдайтын 300 фандомат және электромобильдерді зарядтауға арналған 8 станса орнатылды. Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров 2025 жылы демеушілер есебінен 13 саябақ пен гүлзар салынғанын, биыл тағы 26 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отырғанын баяндады.

Қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін айқындау үшін Экология және табиғи ресурстар министрлігі 5 негізгі көрсеткіш аясында «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру бойынша өңірлердің пилоттық рейтингін жасады. Онда халықты ТҚҚ жинау және өкету қызметімен қамту деңгейі, қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі, ТҚҚ полигондарының үлесі, халықты экологиялық акциялармен қамту үлесі және TaazaQazBot жүйесі арқылы түскен өтінімдердің орындалу деңгейі ескерілген.

Премьер-министр Олжас Бектенов барлық өңір әкімдіктеріне Президент бастамасын жүзеге асыру тиімділігін арттырып, әрбір бағыт бойынша көрсеткіштерді жақсарту үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

«Таза Қазақстан» аясындағы эковолонтерлік

Жиында волонтерлер қозғалысын қолдау мәселелері қаралды.

«Мемлекет басшысының бастамасы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 2026 жыл Халықаралық волонтерлер жылы деп жарияланды. Жаңа Конституцияда волонтерлер қозғалысын азаматтық қоғамның



маңызды құрамдас бөлігі ретінде тани отырып, мемлекетке еріктілерді қолдау міндеті жүктелді. Бүгінде волонтерлік қозғалыс экологиялық мәселелерді шешу мен табиғи байлықты сақтауда мыңдаған нағыз жанашыр азаматтарды біріктіре отырып, «Таза Қазақстан» бастамасының басты күшіне айналды. Бұл жан-жақты мемлекеттік қолдауға мұқтаж волонтерлік қозғалыстың жоғары әлеуеті мен тиімділігін көрсетеді», — деп атап өтті Премьер-министр Олжас Бектенов.

Бүгінде елімізде 810 ұйым мен 3,5 мың бастамашыл топ жұмыс істейді, белсенді еріктілер саны 300 мың адамға жетті.

Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева әрбір үшінші қазақстандық осындай бастамаларға қатысатынын баяндады. Экологиялық волонтерлік «Таза Қазақстан» шеңберінде жыл сайын шамамен 800 мың волонтердің басын қосады. Қозғалысты одан әрі дамыту үшін 56 жоба мен 60 шағын грант жүзеге асырылып жатқаны атап өтілді. Тиісті тұжырымдаманы қалыптастыру, волонтердің цифрлық паспортын енгізу, сондай-ақ волонтерлерді ынталандыру және әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларын қоса алғанда, жаңа тәсілдер пысықталуда.

Тарихи-мәдени мұраны сақтауға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысының бастамасы аясында екінші жыл қатарынан тарихи-мәдени нысандарды абаттандыру бойынша «Мәдени мұраны бірге сақтайық» акциясы жүзеге асырылуда. Еліміздің барлық өңірлерінде әр аймақта 1 мыңнан астам адамның қатысуымен еріктілер клубтары құрылды. Еріктілер қоғамдық кеңістікті қалпына келтіруге

қатысады, қоғамда қоршаған ортаға және қалалық инфрақұрылымға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастырады.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне Ғылым және жоғары білім, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесе отырып, еріктілер қозғалысын кешенді мемлекеттік қолдау шараларын, оның ішінде заңнамалық деңгейде қалыптастыру тапсырылды.

«Таза Қазақстан»:

Олжас Бектенов экотуризм мен экологиялық инфрақұрылымды дамытуды күшейтуді тапсырды

Экологиялық туризмді дамыту шараларына ерекше назар аударылды. Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы ауданы 30,9 млн гектарды құрайды. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағында 179 туристік маршрут және 42 соқпақ жол бар. Келушілер саны 2023 жылғы 2,4 млн-нан 2025 жылы 3,7 млн-ға дейін өсті.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев бүгінгі таңда ұлттық парктерде жалпы инвестиция көлемі 16 млрд теңгеге дейінгі экотуризмді дамыту жобалары жүзеге асырылып жатқанын баяндады. Жұмыстар Іле-Алатауы паркінде, сондай-ақ «Алтын-Емел» мен «Шарын» парктерінің аумақтарында жүргізілуде. «Таза туризм» бағдарламасы аясында саябақтарда ақпараттық баннерлер, қоқыстарды бөлек жинауға арналған контейнерлер, қайта өңделген пластиктен жасалған эколавкалар орналастырылады, келушілер биологиялық ыдырайтын пакеттермен қамтамасыз етіледі.

Олжас Бектенов Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыру бойынша отырыс өткізді

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ұлттық саябақтарға бару процесін цифрландыру бойынша қосымша жұмыстар жүргізілуде. Барлық ұлттық парктер банктік сервистер арқылы онлайн төлем жүйесіне қосылған, сондай-ақ парктердің сайттарында төлем жасауға арналған QR-кодтар орналастырылған. 5 ұлттық саябақта өз қаражаты есебінен 9 бақылау-өткізу пункті автоматтандырылды. Бұл туристер үшін саябаққа баруды анағұрлым ыңғайлы етеді, ал ұлттық парктерге келушілер мен түсімдерді есепке алудың ашықтығын арттырады.

Премьер-министр экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен инфрақұрылымды жаңғыртуды қамтитын экотуризмді жүйелі түрде дамыту қажеттігіне назар аударды. Қазіргі таңда экотуризм әлемдік туристік индустрияның ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып саналады. Сарапшылардың бағалауы бойынша, 2034-ші жылға қарай әлемдік экологиялық туризм нарығы \$660 млрд-тан асуы мүмкін. Қазақстан экотуризмді дамыту бойынша жоғары әлеуетке ие, бірегей табиғи нысандар – Шарын шатқалы, Көлсай көлдері, Алтын-Емел, Іле-Алатауы ұлттық парктері және басқа да керемет көрікті жерлер бар.

Экология және табиғи ресурстар министрлігіне аумақтардың ластануына жол бермеу шараларын күшейтіп, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қалдықтарды тиімді басқаруды ұйымдастыру тапсырылды. Сондай-ақ қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік қызметтен түсетін кірістерді туристік инфрақұрылымды дамытуға, соның ішінде экологиялық соқпақ жолдарды, демалу орындарын және өзге де нысандарды абаттандыруға бағыттау міндеті қойылды.

Премьер-министр ұлттық табиғи парктер аумағында қажетті инфрақұрылымды дамыту жұмыстарының баяу қарқынын сынға алды. «Экология министрі Іле-Алатауы, Алтын-Емел және Шарын ұлттық парктерін абаттандыру бойынша есеп бергенімен, бұл жұмыстар бірнеше жыл бұрын жүргізілген. Содан бері айтарлықтай нәтижелер байқалмайды. Нұрлыбек Машбекұлына Министрлікпен және өңір әкімдерімен бірлесіп, табиғи парктерді абаттандыру ісіне ірі бизнесті тарту мәселесі бойынша келіссөздер өткізуді тапсырамын. Бірыңғай дизайн-кодты және тиісті жұмыс кестелерін бекіту қажет. Осы жылдың маусым айында өтетін Орталықтың келесі отырысында есеп беріңіздер», – деп тапсырды Олжас Бектенов.

Қант қызылшасын себу жұмыстары аяқталды

Жетісу облысында қант қызылшасын себу жұмыстары толық аяқталды. Екі қант зауытының өндірістік қуатын ескере отырып, биыл тәтті түбір 13,0 мың гектар алқапқа егілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 708 гектарға артық, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жалпы өңірде қант қызылшасын егу жұмыстарына 124 сепкіш жұмылдырылды, оның 47-сі сервистік-дайындау орталықтарының сепкіштері. Барлығы 17,5 мың себу бірлігі пайдаланылды, оның 12,7 мың бірлігі Ақсу және Көксу қант зауыттары тарапынан қамтамасыз етілді. Сондай-ақ диқандарға қажетті көлемде минералды тыңайтқыштар мен дизель отыны берілді. Өңірде қант қызылшасын өсірумен жалпы саны 540-қа жуық шаруашылық айналысады.

Солардың бірі Көксу ауданындағы «Жалайыр» шаруа қожалығы өткен жылы 40 гектарға қызылша ексе, биыл тәтті түбір егістігінің көлемін 82 гектарға жеткізіп отыр.

– Шаруашылықта биыл қант қызылшасымен қатар, жүгері, майбұршақ, күздік бидай, көп жылдық жоңышқа септік. Өткен жылы қант қызылшасының өнімін уақытылы жинап, Көксу қант зауытына өткіздік. Шаруашылыққа заманауи ауыл шаруашылығы техникаларын лизинг арқылы сатып алдық, соның арқасында өзім ғана пайдаланып қоймай, басқа шаруашылықтарға да көмек көрсетіп келеміз. «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы 49 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау алдық. Сол сияқты селитра, нитроаммофос, арзандатылған жанар-жағармай бәрі уақытылы сатып алынды, – деді шаруа қожалығының басшысы Мақсат Абдрахманов.

Атап өтсек, ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша биыл шамамен 585 мың тоннаға жуық қант қызылшасы жиналады деп күтілуде. Бұл өнім Ақсу және Көксу қант зауыттарында өңделеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Суретті түсірген: Қанат ӨМІРӘЛИНОВ.



Бейбіт Исабаев елді мекендердегі құрылыс алаңдарын аралады

Жетісу облысының Балпық би ауылында әрқайсысы 60 пәтерлік бес қабатты екі үйдің құрылысы жүріп жатыр. Сол сияқты Бозтоған ауылындағы мектеп күрделі жөндеуден өткізілуде. Көксу ауданына барған сапары барысында облыс әкімі Бейбіт Исабаев аталған құрылыс алаңдарында болып, жұмыстың сапасын көрді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бозтоған ауылындағы Мұсабек атындағы орта мектеп 1987 жылы салынған. Мұндағы жөндеу жұмыстары өткен жылдың мамыр айында басталған болатын. Соның аясында сейсмикалық нығайту, сыныптарды заман талабына сай жаңарту жұмыстары атқарылды. Қазіргі кезде нысанның дайындығы – 95 пайыз.

Білім ошағының ішкі кейпімен таныстырған мектеп директоры Шолпан Нұрғазина қазір қажетті жиһаздар мен жабдықтар әкелініп жатқанын айтты. Бейбіт Исабаев мектептің спорт залын, мәжіліс залын, асханасын, пән кабинеттері мен сырттағы ойын және спорт алаңдарын аралап көрді. Үлкен мектепте қазіргі таңда 420-дан астам оқушы



оқиды. Бұл ретте өңір басшысы алдағы оқу жылын дұрыс жоспарлап, мектепті күтіп ұстауды тиімді ұйымдастыруды тапсырды.

Сол сияқты Балпық би ауылында бір жерде қатар салынып жатқан қос үйдің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Құрылыс учаскесінің бастығы Жақсылық Өтегенұлының айтуынша, қажетті материалдар түгел жеткізілген. Құрылыс жұмыстарын тамыздың соңына дейін толық аяқтау жоспарланып отыр.

– Қазіргі таңда бір үйдің шатырын

жауып жатырмыз. Ал екінші үйдің ішкі бөлмелерін бөлу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс алаңында 80-дей адам жұмыс істеп жатыр, – деді ол.

Облыс әкімі үйдің ішкі құрылыстарының барысын қарап, сыртқы қасбетінің эскизін көрді. Тұрғын үйде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандус, арнайы көтергіш болуы, сол сияқты инженерлік жүйелерге дер кезінде қосу керектігін ескертті. «Ең бастысы құрылыстың сапалы болуына ерекше назар аудару керек» – деді Б. Исабаев.

Атап өтсек, әр үйде 30 үш бөлмелі, 15 екі бөлмелі, 15 бір бөлмелі пәтер бар. Бұл тұрғын үйлер құрылысы аяқталған соң «Отбасы банк» АҚ арқылы ауданда кезекте тұрған азаматтарға беріледі деп жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Суретті түсірген: Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының 90% жуығы себілді

Жетісу облысында биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 511,8 мың гектар. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы дақылдарының 89%-ы егілді, ал қант қызылшасын егу жұмыстары толық аяқталды. Жалпы өңірдегі егіс жұмыстары 1 маусымға дейін толық аяқталады, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, жоспарланған 70,6 мың тонна тыңайтқыштың бүгінгі күнге 50,2 мың тоннасы немесе 71,2%-ы сатып алынып, қолданылуда. Көктемгі

дала жұмыстарына 20,3 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылған. Биылға арзандатылған дизель отынының көлемі 5,2 мың тонна болып бекітілсе, соның 3,5 мың тоннасы кестеге сәйкес облысқа жеткізілді. Шегіртке зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізетін мердігер ұйымдар айқындалып, жоспарланған көлемнің 3,7 мың гектары өңделді.

Көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы 10,8 млрд теңге бөлінді, бүгінгі таңда 300 шаруашылыққа 7,2 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді. Сонымен қатар «ҚазАгроҚаржы» филиалы арқылы жаңа ауыл шаруашылығы техникасын лизингіге

алуға 15 млрд теңге қарастырылған. Бүгінгі күнге дейін жалпы құны 3,9 млрд теңгені құрайтын 184 бірлік техника сатып алынды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев.

Сонымен қатар облыста вегетациялық кезеңді өткізу үшін жедел штаб жұмыс істеуде, егінге су беру жұмыстары басталды. Жалпы алғанда, 1,3 млрд текше метр су алу жоспарланса, оның 1,2 млрд текше метрі суаруға бағытталады. Қазіргі таңда облыстағы жалпы сыйымдылығы 57 млн текше метр болатын 6 су қоймасы орта есеппен 72%-ға толған.

Жалпы көктемгі дала жұмыстарын және вегетациялық кезеңді өткізу облыс басшылығының тұрақты бақылауында.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісуға жыл басынан бері 57 мың жас көшет егілді



Жетісу облысында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында жыл басынан бері 57 мың көшет отырғызылып, 5 мың тонна қоқыс шығарылды. Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы іс-шараларға 77 мың адам қатысқан, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Білім беру ұйымдарында 2024–2026 жылдарға арналған экологиялық білім беру жоспары әзірленіп, «Жасыл клуб» отрядтарының үлгілік ережесі бекітілді. Бүгінгі таңда мектептерде 339 экологиялық үйірме, 310 «жасыл бұрыш», 114 бау-бақша учаскесі және жылыжай жұмыс істейді, сынып сағаттары мен экскурсиялар ұйымдастырылуда. Сонымен қатар 177 көпқабатты тұрғын үйдің шатырлары мен қасбеттерін жөндеу, 14,7 км арық желілерін салу, 200 шақырым көше жарығын орнату жоспарланған.

Бағдарлама аясында 121 мың көшет отырғызылады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Сарқан ауданы әкімінің өкімімен "Жастар саябағы мен Қойтас экобағындағы коммерциялық нысандарды орналастыру және олардың сыртқы келбетін келісу" жөніндегі комиссия құрылған болатын. Мақсат комиссия атауы айтып тұрғандай аталмыш саябақтардағы коммерциялық нысандардың орналасуын талапқа сай ету, кесінкелбеттерін бірізді, көрер көзге тартымды, заманауи қалыпқа келтіру.

Жақында қалалық әкімшіліктің ғимаратында жоғарыда аталған жұмысшы топтың екінші отырысы өтті. Жиынға «Қойтас» эконопаркінің жоғарғы жағына киіз үй тігіп, келушілерге қызмет етуге ниетті кәсіпкерлер қатысып, өз ойлары мен ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Аудан әкімінің орынбасары, аталмыш комиссия төрағасы Ұлан Ерденбе-



«Қойтас» эконопаркіңдегі ҚАЗАҚ АУЫЛШЫ

ков «Қойтас» эконопаркінің аты затына сай болу керектігін, бұл үшін жергілікті атқарушы орган мен кәсіпкерлер бірлесе әрекет етіп, қызмет көрсету нысандарының барлығы талапқа сай болу қажеттігін жан-жақты түсіндіріп өтті. Сондай-ақ комиссия мүшелері жеке кәсіпкерлердің жоспарларымен жақын танысу мақсатында парк аумағын көзбен көріп аралап шықты.

Айта кетейік жергілікті атқарушы орган «Қойтас» эконопаркінің шығыс жағындағы жотада киіз үйлерді жинақтап, қазақ ауылын қалыптастыруды жоспарлап отыр. Жұмысшы топтың келесі отырысында «Қойтас» эконопаркінде балмұздақ, сусындар және т.б. сатуға ниетті іскер жандардың басын қосу жоспарда бар.

Өз тілшіміз.

Аудан тұрғындарының назарына!



Құрметті, Сарқан ауданының тұрғындары, 2026 жылғы 15 мамыр «Халықаралық отбасы күні» – мен 15 маусым күндері аралығында жыл сайынғы «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық байқауына қатысу үшін өтінімдерді қабылдау басталды.

•Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды, кәмілетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттауға, Қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттауға бағытталған.

•Конкурсқа еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) Жетісу облысының отбасылары қатыса алады.

•Толық ақпаратты аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінен (телефон нөмірі 8(72839) 21882 алуға болады. #otbasym2026

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ МЕРИТОКРАТИЯ – ӘДІЛДІК ПЕН КӘСІБИЛІК КЕПІЛІ

Мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру – бүгінгі күннің басты талабы. Осы жолдағы ең маңызды қадамдардың бірі ретінде мемлекеттік қызметтегі меритократия қағидатын атап өтуге болады.

Бұл қағидаттың басты мақсаты – мемлекеттік қызметтегі лауазымдардың туыстық байланыс, тамыр-таныстық немесе жеке басына адалдық арқылы емес, тек қана білімі, біліктілігі және іскерлік қабілетіне қарай бөлінуін қамтамасыз ету.

Меритократия қағидаты құрғақ ұран емес, ол нақты құқықтық негізге ие. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 4-бабына сәйкес, мемлекеттік қызметтің басты қағидаттарының бірі – қызметшілердің кәсібилігі мен еңбек сіңірген еңбегіне қарай ілгерілеуі. Бұл заң талабы кез келген азаматтың қабілетіне қарай тең мүмкіндік алуын кепілдендіреді.

Меритократия жүйесінің аясында мемлекеттік қызметші төменгі лауазымнан бастап, біртіндеп жоғары сатыларға көтерілу мүмкіндігіне ие болады. Мұндай тәсіл мемлекеттік органдардағы кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, жас мамандардың жұмысқа деген ынтасын арттырады.

Меритократияның басты жауы – тамыр-таныстық пен сыбайластық. Осы кеселмен күресу мақсатында мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесі толықтай автоматтандырылған. Лауазымдық өсу барысында «командалық ауысуларға» және жеке басына адалдығы үшін қызметке тағайындауға қатаң тыйым салынған.

Жетісу облысында меритократия қағидатын сақтау және мансаптық модельді дамыту бойынша жүйелі жұмыстар атқарылуда. Соңғы есептік мәліметтерге сүйенсек, өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің ілгерілеу көрсеткіштері 72% құрайды, яғни ішкі конкурс арқылы лауазымы төменгі сатыдағы қызметшілер есебінен толтырылып отыр.

Мемлекеттік қызметтегі меритократия – бұл әділетті қоғам құрудың негізі. Егер әрбір маман өз орнында лайықты қызмет етсе, мемлекеттік аппараттың сапасы артып, халықтың билікке деген сенімі нығая түспек. Болашақ – білімділер мен еңбекқорлардың қолында. Ал мемлекеттік қызмет сол білім мен еңбектің нақты жемісін көретін, елге қызмет етудің ең мәртебелі алаңы болып қала бермек.

С.ИБАДУЛЛАЕВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаменті
мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

► 101 ескертеді

Дала өрттеріне жол бермейік

Өрт – аса қауіпті тілсіз жау, ол экономикаға үлкен материалдық шығын келтіріп, адамдардың өміріне қауіп төндіреді.

Сарқан ауданының аумағында дала өрті жиілеп тұр. Аудан аумағындағы құрғақ және ыстық ауа райында далалық өлкелерде өрт қаупі пайда болады. Дала өрттеріне жол бермеу үшін далада отты барынша абайлап қолдану керек және бұны басқалардан да талап ету қажет. Өрт қаупі кезеңінде далада от жақпаңыздар, сөндірілмеген темекі тұқылдарын және сіріңкелерді тастамаңыздар.



Дала өрттері пайда болғаны жөніндегі ақпаратты өрт сөндіру қызметіне уақытылы хабарлау қажет. Дала өрттері жануарларға және өсімдіктерге елеулі зиян келтіреді. Дала өрттерін уақытылы сөндіру олардың ерте анықталғандығына және өрт сөндіру қызметіне немесе ауыл әкімдігіне хабарлауына байланысты болады. Сондықтан біз ауданның барлық тұрғындарын далалық өлкелерде өрт тұтануларды байқағанда ауылдық әкімдікке немесе өрт сөндіру қызметіне хабарлауды өтінеміз.

Өрт аса қатыгез, ол ешкімді аямайды. Ең бастысы, өрттің туындауына жол бермеген жөн.

Ә.ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Сыбайлас жемқорлықты жою – әр мемлекеттің мақсаты

теңсіздік пайда болады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік шиеленісті күшейтіп, халықтың мемлекетке деген сенімін әлсіретеді. Сол себепті әрбір мемлекет заң үстемдігін қамтамасыз етуге және ашықтықты арттыруға ұмтылады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық экономикалық дамуға да үлкен кедергі келтіреді. Инвестициялардың азаюы, бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуы, көлеңкелі экономиканың өсуі – осының бәрі жемқорлықтың салдары. Ал бұл жағдай елдің әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Сондықтан мемлекеттер тиімді

бақылау жүйесін енгізіп, мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға күш салады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әрбір азамат адалдық пен жауапкершілікті басты құндылық ретінде ұстануы қажет. Білім беру жүйесінде де адалдық принциптерін қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Жас ұрпаққа парасаттылық пен әділдік ұғымдарын сіңіру арқылы ғана болашақта жемқорлықсыз қоғам құруға болады.

Қазіргі таңда көптеген елдер сы-

байлас жемқорлыққа қарсы арнайы бағдарламалар қабылдап, халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізуде. Цифрландыру, ашық үкімет жүйелері, электрондық қызметтер – жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралдарына айналуда. Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықты жою – ұзақ мерзімді және жүйелі жұмысты талап ететін күрделі процесс. Алайда мемлекет пен қоғам бірлесе әрекет еткен жағдайда ғана бұл мақсатқа қол жеткізуге болады. Адалдық пен әділдік үстемдік құрған қоғам – кез келген елдің тұрақты дамуының кепілі.

М.КАЛДЫБЕКОВА,

Сарқан аудандық мемлекеттік
қазынашылық басқармасының бас
маман-бас қазынашысы.

Сыбайлас жемқорлық – кез келген қоғамның дамуына кері әсер ететін күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік басқару жүйесіне сенімді төмендетіп, экономикалық өсімді тежейді және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына зиян келтіреді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу және оны жою – әр мемлекеттің басты мақсаттарының бірі. Ең алдымен, сыбайлас жемқорлық әділдік қағидаттарына қайшы келеді. Егер қоғамда заң бәріне бірдей қолданылмаса, онда адамдар арасында



Жетісу перзенттері

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Жылқы жылының 5 ақпаны болатын. «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасының директоры Бақберген ініммен болашақта жарық көретін шежіреге қатысты бірлі-жарым пікір алмасудан соң, орталықтағы Ғабиден баламның үйіне қарай бет алдым. Жолай облыстық С.Сейфуллин атындағы кітапханаға бас сұқтым. Қала жастарының мұзбалақ ақын Мұқағалидың 95 жыл толу құрметіне әдеби-сазды кеші өткелі жатыр екен. Дәлізбен жүріп, үлкен залға жақындадым. Сол жақ қабырға республикалық және облыстық газет-журналдардың жаңа саны сөресімен ерекшеленеді. Дөңгелек үстелде ескі газат тігіндісін ақтарып отырған азаматқа көзім еріксіз түсті. Пәлі, көптен бері жолықтырмаған сыйлас інімнің бірі Тұрсынбай Шантуұлы екен. Күтпеген кездесу деп осыны айт! Жарқылдай амандастық. Амандық саулықты қазақы қалжыңмен бастап: «Әкімдер де кітапханаға келеді екен – ау! Көзіме сенейін бе, сенбейін бе?!», - деп бір желпінтіп алдым. Берісетін ол жоқ: «Зейнетке шыққалы қол босады, бос уақыт көбейді. Оқитыным кітап пен газет-журнал. Рухани байлыққа кенелгенге не жетсін!», - деп сол бұрынғысынша мінезінің орнықтылығын, ойының тиянақтылығын танытты. “Ия, бұл сауапты іс екен. Ұзағынан сүйіндірсін”, - деп ағалық ақ тілегімді білдірдім.

Қанша дегенмен көз таныс болғандықтан алдағы уақытта хабарласып, хал- жағдай сұрасып тұрайық деген ниетпен телефон номерімізді алмастық. Жадыраңқы көңіл күймен сыртқа шықтым. Ақпанның ақша қарына малынған Талдықорған шаһарының самаладай жарқыраған жарық шамдары көз арбайды. Бүгінде ел ағасы атанған Тұрсекеңмен жүздескен күтпеген кездесудің әсері болар, үйге оралып, сәл-пәл тыныстаған сәтімде осыдан тура отыз тоғыз жыл бұрын қасиетті Қаратал топырағында Тұрсынбай ініммен алғашқы таныстығым, қызмет барысындағы аралас – құраластығым оралды. Оның өткен ғасырдың сексенінші жылдарының бел ортасынан басталған реформатор, Бас хатшы М. Горбачев жариялаған “Қайта құру” саясаты белең алған тұста Кеңестік идеология тәлтіректесе де дүлей күшін, жазалау машинасын сақтап қалған кезеңде әділдік пен шындықтың алдаспаны бола білген, ұлт қамын ойлаған өршіл мінезі, серпінді іс-әрекеті санамда жаңғырып, көз алдымнан бейне кинобаян іспеттес көлбеңдеп өте берді...

АЛҒАШҚЫ ТАНЫСТЫҚ

Өз басым тағдырдың жазуымен Жетісудағы іргелі Қаратал ауданының білдей 45 жыл тұрғыны болғандықтан, өңірде әр жылдары бірінші басшы қызметін атқарғандардың көбісін дерлік іштей-сырттай танып білуші едім. Оған себепкер сол тұстағы Талдықорған облысына қарасты аудандық «Коммунизм жолы» газеті редакторының орынбасары (1977-1990 ж.) қызметін атқаруым. Зерделі жастың 1987 жылдың қарашасында аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тағайындалғанын алғаш редактор Мәкен апайымыздан естідік. (Ол дәуірде аупартком төрағасы аудандық бірінші хатшыдан кейінгі екінші адам). Ізінше газетімізде оның қысқаша өмірбаяны да жарияланды. Одан білгеніміз: Тұрсынбай Шантуұлы айдынды Алакөлдің тумасы. Абай атындағы ОМ, Алматы ауыл шаруашылығы институтын үздік бітірген. Еңбек жолын бас агрономдықтан бастаған. «Ынтымақ» совхозының директоры. Алакөл аудандық агро-өнеркәсіп бірлестігінің төрағасы. Талдықорған обкомының инспекторы



Ж. Сұлтанбеков, Ж. Әлімбетов, В. Анисимов, А. Нам т.б. тегеурінді төрағаның төңірегіне тығыз топтаса бастады. Бұл топтың қатарын қой, құс, ірі қара өсіретін, күріш егетін совхоз бен шаруашылық басшылары: Ө. Ахметов, Қ. Қарашев, Ш. Оспанов, Н. Пак пен іргелі кәсіпорын директорлары Т. Құсмолданов, С. Тайтіков, Ы. Төлегенов және де басқалары толықтырды.

Аудан өмірінің айнасы саналатын газет редакциясы қызметкерлері де сырт қалмады. Қалың оқырманға жаңалықты дер кезінде жеткізді. Жақсылықты, оң өзгерістерді жария етті, ақпараттық қолдау көрсетті. Тұрсынбай ініміз осылайша төңірегін аз мерзімде таспен емес, тілекші жандармен, жанашыр достармен қоршады. Тілекші дегеннен шығады, әлі есімізде, бас хатшы М.Горбачев билік құрған

Ю. КУЗНЕЦОВ ПЕН ТЕКЕТИРЕС

Асыл дініміздің адастырмас темір-қазығы - қасиетті Құранда құдіреті күшті Алланың тоқсан тоғыз көркем есімінің бірі – халық деп айшықталады. Расында да, адамдардың бірлігінен, қауымдастығынан болар халық ұғымы қашан да мәңгілік. Халық – қорған, жойқын күш, сарқылмас қазына. Осыдан шығар, тағылымы мол “Көп қорқытады, терең батырады”, “Қалыпқа салма, халыққа сал”, “Халық қаласа хан түйесін сояды” мақалы ел тізгінін ұстаған басшы азаматтарға ой салатын, басшылыққа алатын, құндылығы қай қоғамда да үстем түсіп жататын тәмсіл. Әлі есінде, 1990 жылдың басында кіші Ақ үйдің бірінші қабатындағы қызмет кабинетіне Мойнақтың етегін жайлаған, Қаражидеге орныққан Абай атындағы совхоздың

ШАР БОЛАТ

болған. Жасы орда бұзар отыздан асқан оғыланға: «Өп, бәрекемді, жас келсе іске» дегендей, - бір желпініп қалсақ та : «Ойпырым-ай, әсіре ұлтшыл Ю. Кузнецовпен бірлесіп, қызмет атқаруы қалай болар екен?» Танымайтын ел, көріп білмеген жер дегендей. Оның үстіне 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейінгі қазақ кадрларының бойынан ұлтшылдық іздеп, оларға қырғидай тиген кезең. Адамды қаралап, қағаз жазудың шебері атанған бірінші хатшы О. Қосымбековке дейінгі аупартком төрағасы А. Берекелдіұлын жазықсыз кінәлап, жоғарғы жақтың қолдауымен қызметінен тайдырғаны көз алдымызда өтіп еді. Әйтсе де халқымыздың: “Өзі жақсы адамға, бір кісілік орын бар”, “Жалғыздың жары Құдай” деген қағидасына сүйеніп, хал-қадірімізше тілекші әрі жанашыр болуға тырыстық.

Айтқанымыз айдай, сыртқы болжамымыз айна қатесіз ақиқат болып шықты. Жаңа ортаға имене қосылған ініміз аз уақыттың ішінде аудан активінің үлкенді-кішісімен шебер де ортақ тіл табыса білетіндігімен ерекшеленді. Бастық екенмін деп шіренбейді. Қарапайым да көпшіл. Елдің өтініші мен мүддесіне сергек қарайды. Құрғақ уәдеге, сөзбұйдаға салынушылыққа, бос сөзге мүлдем үйір емес. Істің көзін, шаруаның ебін бір адамдай біледі. Алдына көмек сұрап келгеннің мәселесін бірден шешуге ұмтылады. Жылы қабақ танытады. Оның бойындағы екінші бірінде ұшыраспайтын мұндай ізгі адамгершілік қасиетті редакция қабырғасында жүріп, біз де сезіндік. Енді соны жайлап кезек кезегімен таратайықшы.

Өткен ғасырлардағы тарихи тұлғаларға қатысты әдеби тіркестерде “Батыр жауда, шешен дауда сыналады” деген қолданысқа сүйенсек, басшы істе сыналары бар. Қолында ауданның қыруар қаржысы мен әжептәуір билігі бар құзырлы органның жаңа басшысы қол астындағыдан бөлек өзіне тікелей бағынышты бөлімдер мен әлеуетті саланың жұмысымен мұқият танысты. Басшыларын жеке-жеке қабылдап, істің жай-жапсарына қанықты, мәселенің мәнісіне, шешілмей тұрған мәселеге ден қойды. Аудан тарапынан облыстың жоғарғы органдарынан сұраған көмегі мен өтініші көбіне дерлік оң шешімін тапты. Іс ілгерілеп, көңіл бірленгеннен болар аз уақыттың ішінде жетекші сала: қаржы, экономика, ауыл шаруашылығы, сауда, медицина, білім, мәдениет, спорт, құқық қорғау органы, архитектура бөлімдері мен комитет басшылары: М. Ниязбеков, Қ. Абдрахманов, Е. Слям, Г. Пан, Р. Жұмашев, Т. Шәріпбаев,

тұстағы (1985-1991) қайта құрудың дүмпуімен басталған демократиялық жаңғыртудың әсері сол дәуірдегі бірден-бір билік ететін Коммунистік партияның аудандық, қалалық, облыстық деңгейдегі бірінші хатшыларын балама негізде сайлау науқаны белең алды. Құйын жел ағаштың басын теңселтсе, төменгі жапырағының қалтырайтыны бар ғой! Осы үрдіспен 1990 жылдың көктемінде Қаратал аудандық партия комитетінің есеп-беру сайлау конференциясы балама негізде өтті. Бұл жолы да азулы хатшы Ю. Кузнецовқа қарсы тұратын, тәубесіне келтіретін кандидат, болашағынан мол үміт күттіретін, сол заманның тілімен айтсақ, жүрек жұтқан Тұрсынбай Шантуұлы болды.

Орталарына жаңа ғана келген жас басшының мұндай көзсіз батырлығын жергілікті жердегі ықпалды азаматтардың бірі қолдады, ал екіншісі жақтырмай аяқ тартып қалды. “Шешінген судан тайынбас” дегендей, алған бетінен қайтпады. Партия конференциясы өте тартысты жағдайда өтті. Ю. Кузнецовтың күні бұрын аузына сөз салып, дайындалған жандайшаптары болашақтағы іс-қимыл бағдарламасын жариялаған үміткерге тарпа бас салды. Бірі: “Келе сала, төр менікі дегенің қалай?” «Мансап құмар екенсің» “Аяз би әліңді, Құмырсқа жолыңды біл деген”, - деп өзеуреді. Міне, нақ осы тұста әділдіктің алдаспаны атанған, білімді де білікті аудан прокуроры Қ. Исабаев адуындап араша түсті. Ол: «Құрметті делегаттар, жерлестер! Ақиық ақын О. Сүлейменовтың «Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық!», - деген жалынды сөзін естен шығармаңыздар. Жас өседі, жарлы байиды! Ал оны өсіретін де, өшіретін де мына отырған Сіздерсіздер! Олай болса, әділеттің ақ жібінен аттамаңыздар!», - деп басу айтты, сабырға шақырды. Бұл жолы да халқымыздың «Көп ит жеңе ме, көк ит жеңе ме?», - деген нақылы тура келді. Қолдаушысы басым бірінші хатшы әріптесінен небәрі 11 дауыс артық жинап, жеңіске жетті. Ал Тұрсынбай ініміз бұл жеңілісінен жасымалды. Қайта сын сағатта кімнің - кім екенін сезінді, қайраққа, тасқа жаныған шар болаттай жарқылдап, өткірленіп, шыңдала түсті. «Досқа достық парыз іс», - деп Абай атамыз айтқандай, бағын сынап, намысқа шауып, алқа топқа түскенде, жанашыр тірек таба алмай қысылған сәтінде жылы сөзімен жанын жадыратқан, қолтығынан демеген сол ағасы өмірден озғанда (1991) марқұмды ақтық сапарға ардақтап шығарып салу шарасының басы-қасында белсеніп өзі жүрді.

мал маманы, жергілікті өлкетанушы Ж. Балшенов бастаған Елтай мен Сарыбұлақ ауылының ақсақалдары (Р. Жақанбаев т.б.) арнайылап келіп, жолығады. Өңгімені әріден бастайды. Қолдарындағы Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде жарияланған республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, Алматы қаласының тұрғыны шежіреші қария Ш. Халықовтың «Көне ескерткіштерге көңіл бөлінсін» (17.09.1988) және аудандық газеттің журналисі Қ. Қарамановтың аталған басылымда жарық көрген «Елім деп өткен тұлғалар» (14.10.1988) мақаласын ұсынады. Өтініштері халықтан, шаруашылықтар мен мекемелерден қайырымдылық мақсатта, ерікті түрде қаржы жинауға жинақ банкісінен арнайы есеп шот ашуға жәрдемдесу. Жер-жерден жиналған қаржының көмегімен Қаратал өңірінде мәңгілік тұрағын тапқан ел ардақтылары: Ескелді, Балпық, Қарымбай әулие, Жолбарыс, Мықтыбек батырдың ескірген зираттарын жаңарту, қазіргі заманғы үлгідегі кесенесін салуды ниет еткендерін айтып, жайып салды. Халық үніне құлақ асуды азаматтық парызы санайтын Тұрсынбай өзінің әкесі іспеттес ақсақалдардың мәселесін жерге қалдырмай: “Ағалар, қабырғаммен кеңесіп, ойланайын. Жоғары басшылардың келісімін алайын, сосын барып жауабын беремін, аман болыңдар”, - деп жылышырай білдіріп, шығарып салды. Алдағы атқаралар іс-шараның талабы-қолданыстағы заңнама мен ережеге сай келетінін анықтап алу мақсатында жақын төңіректегі білікті, тәжірибелі заңгерлермен ақылдасты. Заң актілерімен танысты. Түйсініп аңғарғаны, бұл жерде ешқандай заң бұзушылық жоқтың қасы. Аппараттағы жауапты хатшы, заманында облыстық деңгейде лауазымды қызмет атқарған, білімді Қ.Мұсанов ағайдың жәрдемімен болашақ шешімнің жобасын дайындатты. Сол кезеңнің тәртібіне сай бірінші хатшының келісімін алу қажет. Осы мақсатта алдынан өтті. Өкінішке қарай, көпшілікке өзін демократиялық көзқарастағы басшымын деп жарнама-лап жүретін, сөзі мен ісі сай келмейтін Ю. Кузнецов шешімнің жобасымен таныса келе, ашуға мінді, бұлқан-талқан болды. Айтқаны: “Қазақта не көп! Батыр мен би көп! Оларға халықтық құрмет көрсетіп, бейіттерін жаңартумен шұғылдану, әуестену, біздің қазіргі қайта құру кезеңіндегі айналысатын қызметімізге тосқауыл жасамаса да, қолбайлау жасап, салқынын тигізеді. Сондықтан уақыты келер, асықпайық!», - деп, тоқетерін бірақ айтты.

Әйтсе де жас төрағаның: «Қап бөлем! Хатшыға сөзімді өткізе алмадым-ау», - деп ұнжырғасы түспеді. Оңтайлы сәтті күтті. Құланның қасуына, мылтықтың басу дегендей, 1990 жылдың басында хатшы кезекті еңбек демалысына шықты. Шалғайдағы курортқа жол тартты. Осы қолайлы сәтті шебер пайдаланған, бастаған елдік істі, аяғына жеткізгенше байыз таппайтын Түрсекең аудандық атқару комитетінің 1990 жылдың ақпанындағы республикалық агро-өнеркәсіп банкінің Үштөбе бөлімшесінен арнайы №00070260 есеп шотын ашу («Тарихи ескерткіштер қоры - фонд увековечивания памятников») туралы шешіміне қол қойды. Қорға алғашқылардың бірі болып өзінің бір айлық жалақысын аударды.

Өмір деген қызық қой! Ізгі адамның берекелі ісіне пиғыл ниеті қарау екінші бір адамның қарсы шығып, жоққа шығаратыны бар ғой! Еңбек демалысынан оралғасын айтқанына көнбеген, жоқтығын пайдаланып шешім шығарған төрағаға сұғын қадады. Қол астындағыларға дереу тұқыртатын қара күйелі құжат дайындатты. Шұғыл түрде аупарткомның бюросын өткізді. Жас басшының бұл әрекетіне «Ескілікті аңсаған, ұлтшылдық сипаты басым», - деген баға беріп, партиялық қатаң сөгіс жариялады. (Қынжылатыны сол, бюроға қатысқан өз ағайындарымыздың бірде-біреуі араша түсуге жарамады). Бюро шешімін біржолата бекіту үшін, құжатты обкомға жолдады. Ол заманда коммунист басшының қалтасындағы партбилетінің есеп кітапшасына қатаң сөгіс жазылса, оның болашағы кесілді деп саналатын.

Дана халқымыздың «Аққа- Құдай жақ», - дегені шындық болып шықты. Түрсекеңе қазақ ұлтшылдығы дертімен ауырған деп жазғырған жала обкомның сол тұстағы бірінші хатшысы А. С. Жигулин төрағалық еткен бюро отырысында қаралды. Құжатпен танысып шыққан бюро мүшелері: С. Шауқаманов, В. Осипов, Г. Тәңірбергенова, Қ. Қожахметова т.б. қараталдық төрағаның есебін тыңдаған соң, бәрі дерлік бір ауыздан: «Т. Ғалыновтың шығарған шешімі заң талабына сай келеді. Сондықтан оған партиялық қатаң сөгіс беру ұсынысы бекітілмей, кері қайтарылсын», - деген ұйғарым жасады. Осылайша қазақ кадрларына қырын қарайтын, жымысқы Ю. Кузнецовтың кезекті сойқанды шабуылы тойтарылды, тас талқаны шықты.

АКАДЕМИКТЕН АЛҒАН АЛҒЫС

Әлі есінде, 2015 жылдың аржақ-бержақ шамасы. Облыстық құзырлы мекеменің басшысы кезі. Жұма күні еді. Ұялы телефоны шырылдады. Ар жағындағы кісі өзін академик Еділ Ерғожинмін деп таныстырды. Ескелді әулие кесенесі басында жолығып, әңгімелескісі келетінін айтты. Химия ғылымының докторы, профессор танымал ғалым басымен хабарласып, ілтипат білдірген ағасының сөзін екі етпей сол мезетінде Талдықорған-Үштөбе автожолынан солға бұрылар тұстағы Қызылжар іргесіндегі тоғанға таяу орналасқан Ескелді би кесенесіне келіп жетті. Мұның алдындағы жылдарға қарағанда зәулім кесененің өз басы сәулеттеніп, көріктенген, ажарлана түсіпті. Төңірегіне қылқанды және саялы ағаштар отырғызылған. Жасыл желекті. Төңірегі мен кіре беріс

ауыз темір шарбақпен қоршалған. Зиярат етіп келушілерге қолайлы жағдай туғызылған. Құдайы тамақ берілетін шағын бөлмелі үй де тұрмысқа қолайлы етіп жасалыпты. Қасиетті орын қашан да сәулеттеніп, жарқырап тұратыны бар ғой!

Айтқандай, Еділ ағасы елеңдеп, күтіп тұр екен. Түрсекең жарқылдай амандасып, өзін таныстырды. Ризашылық пейілмен бауырына тартып, құшағына алған академик: «Қош келдің, өзінді көргеніме қуаныштымын. Ендігі әңгімені дәстархан басында жалғастырайық», - деп жол бастады. Дастархан басында Құран оқылды. Жеті наннан ауыз тиіп, жайғасып отырғасын: «Атыңа да, Қараталда атқарған іс қызметіңе қанықпын. Өзің жайлы жігіттер сүйсініп айтты. «Жақсыны көрмек үшін», - деп әулие ата басына шақырып отырған жайым бар. Халқымыздың батыры мен биін, әулиесі мен әмбиесін көзге ілмек түгілі, тыйым салынған Кеңестік дәуірде жүрек жұтқан батырлыққа барып, арнайы қор мен есеп шот аштыруға шешім қабылдапсың. Даңқты бабаларға құрмет көрсету бағытында Қаратал, Көксу, Ескелді ауданында, Талдықорған қаласында атқарылып жатқан игі істердің бастауы сол батыл қадамда жатса керек. Осы турасында өз аузыңнан естиін, қысқаша әңгімелеп берсең деймін», - деді ағамыз. Ыстық ықылас пен ниет танылған сәтте тосылатын Түрсекең бе?! Үш бірдей ауданға (Бөрлітөбе, Алакөл, Сарқан) басшы, облыс әкімінің орынбасары болған, сөздің тоқетерін айтуға дағдыланған тәжірибесіне сүйеніп, жоғарыда біз баяндаған жағдаятты жүйе-жүйесімен айтып берді. Сөзін бөлмей, аяғына дейін мұқият тыңдаған Еділ аға әңгіме соңында: «Ия, бәрекелді! Бейбіт күннің батыры екенсің ғой! Өркенің өссін!», - деп қолын құшырлана алды. Сүйіспеншілігіміз бен ризашылығымыздың белгісі болсын деп, әулие баба ұрпақтары атынан иығына зерлі шапан жапты. Алғыс сезімін білдірді...

ТҮЙІН

Ия, қадірменді оқырман, ел игілігі үшін атқарған ісің оң бағаланып, құрметтеліп жатса адамға одан артық бақыттың қажеті де шамалы болар?! Міне, Жетісу өңірінің экономикалық және әлеуметтік тұрғыда өркендеуіне сүбелі үлес қосқан, «Құрмет» орденінің иегері Алакөл, Сарқан, Қаратал, Ескелді, Талдықорған қаласы және Алматы облысының Құрметті азаматы Тұрсынбай Шантуұлы Ғалынов нақ осындай елдік, мемлекеттік құрметке ие болған, абзал да ардақты азамат. Кеңестік тоталитарлық билік үстемдік құрған заманның өзінде де қарағайға қарсы біткен бұтақтай беріспеген, сертке байлаған семсердей жарқылдаған, шарболаттай тас қайраққа қайралған, зіл батпан сынға төтеп берген, қисыннан жол таба білген, жетелі жетпіс жасты меңгеріп, жотасына көтерілген азаматқа, ілтипатты інімізге: «Арқа сүйерің туған халқың, біліммен сусындатқан мемлекетің, сенім артқан берекелі отбасың аман болсын! Қасиетті әулиелер әруағы әрдайым қолдап, жебесін!», - дегіміз келеді... Ағалық ізгі ниет білдіруші:

Қараша ҚАРАМАН,
журналист.

Алматы облысы.

•Біздің елдің жігіттері

СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

2018 жылы күзде Жетісу облыстық мемлекеттік кірістер департаменті шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығы (МЦПС) «Қорғас» кеден бекетіне басшылық қызметке бардым. Бұрыннан аты-шулы жер екенін жақсы білемін, әрине. Басшылық сеніп тапсырған соң амал жоқ, тәуекел жасауға тура келді.

Өкінішке орай, ол жерде қызмет істейтін әріптестерден ешкімді танымайтын едім. Тек есімі республикаға танымал кеденші Бекен Нұрахметовтың сонда екенін естігенде қатты қуандым. Себебі ол өмір жолында қатардағы лейтенанттан кеден қызметінің полковнигі, қатардағы инспектордан кеден бастығына дейінгі жолдан өткен тәжірибесі мол азамат. Және де бірнеше жыл қытаймен шекарада жүріп, от пен судың арасында мықтап шыңдалған. Сонымен қатар жеке басынан үш қастандықты өткізген жайы бар. Ал «Қорғас» кеден бекетіне ештеңеден тайсалмайтын осындай қайсар да қағидатшыл жігіттер керек еді.

Келген бетте аталмыш кеден бекетіндегі жұмыс барысы мен ойлағандағыдан әлдеқайда қиын болып шықты. Кеденнің бақылау аймағын сыбайлас жемқорлық пен тамыр-таныстық жайлаған. Қылмыстық элемент өкілдері мен «несундар» кеденшілерді әбден басынып алғаны соншалықты, жолаушылар терминалынан заңсыз өтіп жатқан тауарларда есеп жоқ. Ал кедендік тексеру мен кедендік төлемдерді өндіру жағы мүлде ұмыт қалған. Тіпті кеден ережесін бұзу жөнінде қолданылған әкімшілік шаралардың саны да елеусіз ғана болатын. Сол кезде Бекен Төлеужанұлы маған кеден бекетіндегі бүкіл проблемалармен таныстырып, оны шешудің жолдарын іздестіру барысында көп көмек көрсетті. Мен оны өзімнің орынбасарым ретінде қабылдап, демалысқа кеткен кезде орныма қалдырып жүрдім. Себебі, ұжымда одан басқа сенетін адам жоқ еді.

Біз бірінші кезекте жұмысты өз ішіміздегі «несундармен» ауыз жала-сып, бандиттік құрылым өкілдерімен сыбайластыққа жақын жүретін қызметкерлерден бастадық. Оларға қатаң талап қойылды: Жұмыстан өз еркіңмен кет немесе қызметіңді талапқа сай атқар. Осылайша, ұжымдағы жігіттерді бірауыздан жұмылдыра жүріп, жолаушылар терминалынан заңсыз өтіп жатқан тауарларды тоқтатуға қол жеткіздік. Нәтижесінде кедендік төлемдер бірнеше есеге артып, кеден ережесін бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту фактілері де көбейді. Қаншама кедендік шекарадан өткізуге тыйым салған тауарлар ұсталып, сот шешімімен жойылды. Бұл үлкен жетістік еді. Сонымен қатар сол маңайда жүрген қылмыстық элемент өкілдерімен, сондай-ақ «несундармен» ашық сөйлесіп, кеден заңына бағынуға мәжбүр еттік. «Несундардың» бәрі жаппай кедендік кіріс ордерін рәсімдеу арқылы кедендік төлемдерді төлеуге келісті. Ал енді біздің талаптарымызға көнбеген бес-алты қылмыстық элемент өкілдері заң жүзінде қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сот залында тиісті жазаларын алды. Сөйтіп, кеденшілерді басынып жүрген бандитсымақтар лезде аяқтарын тартып, заң талаптарына бағынуға мәжбүр болды. Осылайша, қоғам алдында беделі бетенеден төмен түсіп кеткен кеден бекетінің абыройын бір сатыға көтере білдік. Әріптестеріміздің де еңселері көтеріліп қалды.

Көп ұзамай біздің бұл еңбегіміз өз нәтижесін берді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша кеден бекетінде 30 мың блок темекі өнімдері, 1,5 мыңға жуық қымбат бағалы тондар, 4,5 тонна өткізуге тыйым салынған әртүрлі дәрі-дәрмектер, 2,5 мың дана ұялы телефондар ұсталды. Сонымен қатар кедендік төлемдер он есеге артты. Сөйтіп, жыл қорытындысы нәтижесінде «Қорғас» кеден бекетінің көрсеткіштері республика бойынша бірінші орынға шықты. Соның нәтижесінде Бекен Төлеужанұлы Қаржы министрінің бұйрығымен «Мемлекеттік кірістер органының үздік қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Әрине, бұл



марапат оңайлықпен келген жоқ. Бұл жерде де Бекен Төлеужанұлының артынан шам алып түсіп, қастандық жасамақшы болғандар кездеспей қалған жоқ. Алайда олар өз дегеніне жете алмады. Содан кейін жеке автокөлігінің дөңгелектерін жарып, зақымдап кетуге дейін барды.

2022 жылдың ақпан айында мен «Алтынкөл-жол» кеден бекетіне басшылыққа тағайындалдым. Сол жылдың қыркүйек айында Бекен Төлеужанұлы маған орынбасар болып келді. Екеуміз тағы да ауызбірлікпен еңбек ете отырып, көп нәтижелерге қол жеткіздік. Кедендік төлемдер бірнеше есеге артып, кеден заңын бұзушыларға қарсы күресте үлкен нәтижелерге қол жетті. Бірнеше миллиард теңгенің контрабандалық әрекеттері әшкереленді. Соның нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Алтынкөл-жол» кеден бекеті республикадағы темір жол кеден бекеттері арасындағы жарыс номинациясы бойынша бірінші орынды жеңіп алды. Бұл жерде Бекен Төлеужанұлының сіңірген еңбегі де көп, әрине. Сол жылы желтоқсан айында Бекен Төлеужанұлы республика Президентінің Жалығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бекен Төлеужанұлы кәсіби қызметте ғана емес, қоғамдық өмірде де көп жетістіктерге қол жеткізіп жүрген бесаспап азамат. Атап айтсақ, бірнеше прозалық кітаптардың авторы. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. Сонымен қатар халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты. Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі. Бұған қоса 2022 жылдың желтоқсан айында жерлестерінің қошаменіне бөлене отырып, Жетісу облысы «Сарқан ауданының Құрметті азаматы» атағына ие болды. Осындай қошаменітерге қарап отырып, оның өзі еңбек етіп жүрген ұжымда ғана емес, туған жеріне де сыйлы азамат екенін аңғаруға болады.

Қазіргі уақытта Бекен Төлеужанұлы үлгілі отбасының тірегі ретінде төрт баланың әкесі және сегіз немеренің сүйікті атасы. Балаларының бәрі мектепті үздік бітіріп, жоғары білімді шетелдің белді университеттерінде алған. Кенже қызы Дана джиу-джитсудан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, бірнеше халықаралық турнирлердің және Испания мен Италияның чемпионы атанды. Әке үшін бұл да бір тәрбиенің жемісі, бұл да бір үлкен бақыт екені сөзсіз.

Иә, бұл өмірде жаныңда бірге жүрген серіктесің сенімді болса, ол да бір үлкен олжа екен. Осы орайда қызмет барысында Бекен Төлеужанұлымен қаншама қиын да жауапты шақтарды бірге өткіздік. Қаншама қыл үстіндегі сынаулы сәттер кездессе де, бір-біріміздің арамыздан ала мысықтың өтуіне жол бермедік. Ауызбірлігіміз ажырамады. Сондықтан да Бекен Төлеужанұлы сияқты азаматпен аға-іні ретінде сыйласып, иық тіресіп, бірге жүрген күндеріме ризамын. Саулығыңызды тілеймін, полковник мырза!

Арман ҚОЖАСБАЕВ,
Жетісу облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті «Алтынкөл-жол» кеден бекетінің басшысы.

**Ұстаз болу - жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтын адамның алтындығы.**

Расында да, осы өлең жолдарының мән мағынасын мұғалім болған адам ғана түсінеді. Өзім мектеп қабырғасында 40 жыл ұстаздық өмірімді өткіздім, сондықтан да мен ұстаз жанын түсіне аламын деп айта аламын. Сол себепті де ұстаз болғанымға мақтанамын. Себебі ұстаз - мақтан тұтарлық мамандық. Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату - екінің бірінің қолынан келе бермейді, Сондықтан да ұстаз болу - жүректің батырлығы деп айтуға толық негіз бар.

Ұлағатты Ұстаз

Өлемде мамандық көп. Бірақ мамандықтың түрлі болғаны маңызды емес, қанша мамандық болса да сізді маман қылатын тағы да ұстаз. Сондықтан да мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы деген пікірге толықтай қосыламын. Себебі, ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, жыршы ақындар да бәрі-бәрі ұстаздан білім алған.

Ұстаз деген кім? Ұстаз-өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне арнауға бел буған періште. Ұстаз-шәкірттерін білім нәрімен сусындататын адам. Ұстаз болу – екінің бірінің қолынан келе бермейді, әрі аса үлкен жауапкершілікті қажет ететін жұмыс. Себебі, дәрігер адам жанына, өміріне, денсаулығына жауапты болса, ұстаз да алдындағы шәкіртінің бойына біліммен қатар барлық адами қасиеттерді бала бойына сіңіріп, адам қылып тәрбиелеп, жүрегіне болашаққа мақсат қоя білуге сенім ұялататын зор тұлға. Ұстаз болу-ол ертеңгі жас ұрпақтың білімді де білікті болуын мойынға алу деп айта аламын. Сондықтан да мұғалім болу, ұстаздық қызмет жасау-зор мақтанш әрі үлкен жауапкершілік.

Өзімнің ұстаздық өмірімдегі ұстанымым: көмек сұрағандарға көмек беру, өзгелердің пікірін сыйлай білу, тыңдай білу, тыңдата алу, жаңалыққа жақын жаңашыл болу. Енді зейнет жасына келгенде осыған тағы бір ұстанымды қосқым келеді, ол жалпы ұстаз қауымын, соның ішінде қаншама жылдар бойы ұстаздық өмірдің қиындығы мен қызығын қатар алып жүрген әріптестерімнің еңбегін дәріптеу мақсатында әріптестерімнің өмірі жайлы бір үзік сыр жазсам ба деген ой. Сол себепті қолыма қалам алып, өзімнің әріптесім география пәнінің мұғалімі Абеева Нұргүл Байғұмарқызы жайлы сыр шертсем бе деймін...

Әбеева Нұргүл Байғұмарқызы 1965 жылы ақпанның 25-ші жұлдызында Қарабөгет ауылында қарапайым отбасында дүниеге келді. Мектепте білім алып, 1980 жылы сегізжылдықты ойдағыдай аяқтап Сарқан қаласындағы училищеге құжаттарын тапсырып, кітапханашы мамандығын алып шығады да Қапал ауданы Арасан ауылына жұмысқа тұрады. 1988 жылы Алматыдағы Қыздар институтына түсіп, 1992 жылы кітапханашы библиограф мамандығын алып шығады. Ата - анасынан ерте айрылған Нұргүл Байғұмарқызы өзінің артындағы сіңлі, бауырларына бас - көз болып, барлығына қамқор бола білді, өмірдің талай қиындығына мойымады, бәріне шыдады, сабыр сақтады... Оның мықтылығы да осында еді. Әркімнің қолынан келе бермейтін шыдамдылық пен төзімділікті мен Нұргүлден көрдім, соған тәнті болдым. Бірақ ол тоқтап қалмады. 2006 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтына оқуға түсіп география пәні мұғалімі және география бакалавры біліктілігі яғни Бакалавр академиялық дәрежесін алып шықты. Өмірдің ағымымен 1991 жылы ауылымыздағы Аль-Фараби атындағы орта мектепке жұмысқа орналасып, алғашында мектеп кітапханашысы болып, кейінде география пәні мұғалімі қызметін Алланың қалауымен зейнет жасына жеткенше абыроймен атқарды деп айта аламын. Өзінің ұстаздық жолында қаншама шәкірттерге география пәнінің қыр - сы-

рын, жер шарының құрылысын, қоршаған ортаның талай құпияларын, табиғаттың тылсым күштерін үйретуде шаршамай талмай еңбек етті десем де болады.

Ұстаздың еңбегін ұлы ететін өздері емес, шәкірті. Білім нәрімен сусында-тып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – аяулы әрі білімді шәкірті. Бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік келген шәкірті үшін ұстаздың қуанышы сіз бен бізге елестетуге келмейтін сезім. Нұргүл Байғұмарқызы да талай талай шәкірттерін доғаға қатыстырып, солармен бірге жана-шыр болып, шәкірті бәйгеден шыққанша тақымын қысып отырды десеңізші! Сөзімнің орайында енді мен сол ұстаздың еңбек жолындағы біраз ғана жетістіктеріне тоқталып өтсем деймін...

1.-Алғыс хат «Мәңгілік ел-Қазақстаным!» атты жасөспірімдер фестиваліне белсене атсалысқаны және қолдау көрсеткені үшін. Алматы қаласы. 2021 ж.

2.- Алғыс хат «Педагогикалық құзіреттілік – білім беру жүйесін жетілдірудің негізі» атты семинарда белсенді қатысқаны үшін, 2020 ж

3.- Құрмет грамотасы Сарқан аудандық білім бөлімі «Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін», 2021 ж

4.- Құрмет грамотасы. «Аудандық білім беру бөлімі» «Жеткіншек ұрпақты оқыту және тәрбиелеудегі біліктілік, педагогикалық таланты мен жетістіктері үшін» марапатталды. 2022 ж.

5.- Грамота. Онлайн І-халықаралық пәндік олимпиада жеңімпаздар мен жүлдегерлерін дайындағаны үшін 2022 ж

6.- Құрмет грамотасы «Оқу тәрбие үдерісінің заманауи әдістері мен оларды тиімді қолдану жолдары» республикалық деңгейде үстелге қатысып, іс-тәжірибені бөліскені үшін 2024 ж Өрлеу.

7.- Диплом.«Халықаралық зерттеу тапсырмалары: Ізденіс, нәтиже» жобасы аясында Жаратылыстанудың мазмұнды салаларының «Білім» «Қолдану» «Ойлау» танымдық бағыттары бойынша облыстық сырттай тапсырмалар байқауында жүлделі 3-орын иеленген 2023 ж

8-Диплом. Сарқан ауданы «Халықаралық зерттеу тапсырмалары: Ізденіс, нәтиже» жобасы аясында Жаратылыстанудың мазмұнды салаларының «Білім» «Қолдану» «Ойлау» танымдық бағыттары бойынша тапсырмалар байқауында жүлделі 3-орын иелеген. 2024 ж

9.-Сертификат: 2024 жылдың 15 наурыз күні «Табиғи аумақтық кешендердің ландшафттық құрылымы» атты авторлық бағдарламасы баспадан шығарылғанын растайды.

10. Жетісу облысының білім басқармасы АЛҒЫС ХАТ Жоғары біліктілігі мен кәсіби шеберлігін еліміздің болашағы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге арналған табысты еңбегі үшін, Жетісу облысының білім басқармасы АЛҒЫС ХАТ марапатталады. Басқарма басшысы: М.Сүлейменов. 2024 жыл.

Оқушылардың жетістіктері: - КИО дамуына елеулі үлес қосқаны үшін" алғыс хат", 2022 ж; -Географиядан республикалық олимпиада КИО -2 орын, 2022 ж.; - Аудан әкімі «Құрмет грамотасы». Жоғары біліктілігі мен кәсіби шеберлігін жас ұрпақты оқыту мен



тәрбиелеуге арналған табысты еңбегі үшін; - "Республикалық қашықтық олимпиадасы сайтында Географиядан онлайн-олимпиада жеңімпазы" І дәрежелі Диплом (2020 ж) Нұр-сұлтан қ.; -География бойынша" Педстарт" республикалық қашықтық олимпиадасының ІІ дәрежелі дипломы, ҚР БҒМ "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы Нұр-сұлтан, 2020 ж.; – "Үздік сыныптан тыс жұмыс" республикалық онлайн байқауының І дәрежелі дипломы, Нұр-сұлтан қ., 2020 ж.

4. Білім алушылардың нәтижелері: -Алматы облысының білім басқармасы: Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде ІІ-дәрежелі диплом + медаль Каналбек Аяулым марапатталды 2018ж

-Алматы облысының білім басқармасы: Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде ІІІ-дәрежелі диплом + медаль Сабыржан Ажар марапатталды 2019 ж.

Оқушылар арасында өткен аудандық «Зерде» ғылыми жоба байқауында Марат Ырыс І-орын алды 2019 жыл.

- Диплом.Зерттеушілік жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «ЗЕРДЕ» республикалық конкурсының облыстық кезеңінде 6-сынып оқушысы Марат Ырыс ІІІ- орын иеленді 2019 ж.

-Диплом ІІ-дәрежелі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «АҚБОТА» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы 10 сынып оқушысы Нұртай Ернұр 2023 жыл

-Диплом ІІІ-дәрежелі «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «АҚБОТА» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы 10 сынып оқушысы Сейтхан Аружан 2023 жыл

-Ұлттық олимпиада 7-8 сынып оқушылары арасында ІІ-дәрежелі диплом Құдайберген Заңғартас марапатталды 2023 ж.

- Ұлттық олимпиада 7-8 сынып оқушылары арасында ІІІ-дәрежелі диплом Құдайберген Заңғартас марапатталды 2024 ж.

-Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде Жаратылыстану пәні бойынша ІІІ- дәрежелі дипломмен Нұбаракқызы Балжан марапатталды. 2022 жыл.

-Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде Жаратылыстану пәні бойынша Серікболат Мейір ІІ- дәрежелі дипломмен марапатталды. 2024 жыл

-Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі:жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде География пәні бойынша 10сынып оқушысы Елтай Ерке ІІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды. 2023 жыл

- Сертификат. Қазақстан Республикасының ауыл мектептерінің 5-6 сынып оқушыларына арналған «Мың бала» Ұлттық олимпиадасына белсенді қатысқаны үшін Нұбаракқызы Балжан марапатталды 2021 жыл.

-ІІІ дәрежелі Диплом. Қазақстан Республикасының ауыл мектептерінің 5-6 сынып оқушыларына арналған «Мың бала» Ұлттық олимпиадасының жеңімпазы 6-сынып оқушысы: Нұбаракқызы Балжан марапатталды. 2022 жыл.

-ІІІ дәрежелі Диплом. Қазақстан Республикасының ауыл мектептерінің 5-6 сынып оқушыларына арналған «Мың бала» Ұлттық олимпиадасының жеңімпазы 5-сынып оқушысы: Жұмабек Тоқтар марапатталды. 2022 жыл.

- Диплом І-дәрежелі «1000 BALA» І Халықаралық пәндік олимпиадасы жаратылыстану пәні бойынша 6-сынып оқушысы Бейсенбай Кәусар. 2022 жыл.

- Диплом І-дәрежелі «1000 BALA» І Халықаралық пәндік олимпиадасы жаратылыстану пәні бойынша 6-сынып оқушысы Жұмағали Сезім. 2022 жыл.

- Диплом І-дәрежелі «1000 BALA» І Халықаралық пәндік олимпиадасы жаратылыстану пәні бойынша 6-сынып оқушысы Жұмабекқызы Аружан. 2022 жыл.

- Диплом І-дәрежелі «1000 BALA» І Халықаралық пәндік олимпиадасы жаратылыстану пәні бойынша 6-сынып оқушысы Жұмабекқызы Аяжан. 2022 жыл.

- Диплом І-дәрежелі «1000 BALA» І Халықаралық пәндік олимпиадасы География пәні бойынша 9 -сынып оқушысы Ахметкәрім Анель. 2022 жыл.

- Диплом І-дәрежелі «1000 BALA» І Халықаралық пәндік олимпиадасы География пәні бойынша 9 -сынып оқушысы Құдайберген Баян. 2022 жыл.

-«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы І дәрежелі ДИ-ПЛОМ 5-сынып оқушысы: Нұрлан Айым. 2024 жыл.

-«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы І-дәрежелі ДИ-ПЛОМ 5-сынып оқушысы: Қайрат Алишер. 2024 жыл.

-«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы І-дәрежелі ДИ-ПЛОМ 5-сынып оқушысы: Тұрсынхан Әмина. 2024 жыл.

-«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы І-дәрежелі ДИ-ПЛОМ 5-сынып оқушысы: Еркінбекұлы Нұржігіт. 2024 жыл.

-«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы І-дәрежелі ДИ-ПЛОМ 6-сынып оқушысы: Қайрат Айару. 2024 жыл.

Оқушылар арасында өткен аудандық «Зерде» ғылыми жоба байқауында Марат Ырыс І-орын алды 2019 жыл.

-Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында республикалық пән олимпиаданың аудандық кезеңінде «География» пәні бойынша жүлделі ІІІ- дәрежелі дипломмен 11-сынып оқушысы Жеңісбекқызы Ұлжан марапатталды. 2024 жыл.

-Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11сынып оқушылары арасында республикалық пән олимпиаданың аудандық кезеңінде «География» пәні бойынша жүлделі ІІІ-дәрежелі дипломмен 11-сынып оқушысы Базархан Айжан марапатталды. 2025 жыл.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушылары арасында республикалық пән олимпиаданың аудандық кезеңінде «География» пәні бойынша жүлделі ІІІ-дәрежелі дипломмен 7-сынып оқушысы Құдайберген Арлан марапатталды. 2025 жыл.

-Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында республикалық пән олимпиаданың ІІІ облыстық кезеңінде «Жаратылыстану» пәні бойынша жүлделі І-дәрежелі дипломмен 6-сынып оқушысы Серікболат Мейір марапатталды. 2026 жыл.

«Адамның адамшылығы-жақсы ұстаздар» - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық дегендей, талай оқушылары түрлі жарыстарға белсене қатысып, апайларының мәртебесін жоғары көтере білді. Биылғы оқу жылында қаншама ұсаздық жылдарды артқа тастап зейнет жасына жеттің, құтты болсын, деңіңе саулық,отбасыңа амандық тілеймін, немерелердің қызығына тоймай,аман есен шапқылап жүре бер, бейнетіңнің зейнетін ұзағынан көруді бір Алла нәсіп етсін!

**РАМИРЕНОВА,
зейнеткер ұстаз әрі әріптесі.
Қарабөгет ауылы.**

•Спорт

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ЖАРЫС

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай Сарқан ауданында құқық қорғау және әскери сала қызметкерлері арасында ұлттық спорт – қазақ күресінен жарыс ұйымдастырылды.

Жарыстың ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Алмас Ажарханұлы Байғұнұсов қатысып, қатысушыларды мерекемен құттықтады.

– Отан алдындағы парызын абыроймен атқарып жүрген азаматтар – елдің қорғаны. Бүгінгі жарыс – күш пен рухтың, бірлік пен батылдықтың көрінісі. Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді ол.

Жарыс 75 кг, 85 кг және 90 келіден жоғары салмақ дәрежелері бойынша өтті. Боз кілемде Ұлттық қауіпсіздік комитеті, аудандық полиция бөлімі, шекара қызметі және төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері бақ сынап, өздерінің ептілігі мен мықтылығын көрсетті.

Өр салмақ дәрежесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, арнайы марапатталды. Сонымен қатар командалық есеп бойынша: I орын – Сарқан аудандық полиция бөлімі; II орын – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің командасы; III орын – шекара қызметінің командасы иеленді.

Жеңімпаз командаларға арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды.



ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ ДҮБІРЛІ ДОДА



9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай Сарқан ауданында ұлттық ат спорты түрлерінен бәйге өтті. Дүбірлі додаға аудан мен ауылдық округтерден келген шабандоздар қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Салтанатты шараның ашылуында аудан әкімінің орынбасары Алмас Ажарханұлы және Сарқан ауданының Бәйге федерациясының президенті

Шалқар Болатұлы Есіркеген сөз сөйлеп, жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарыс барысында тай бәйге, құнан бәйге, жорға жарыс және аламан бәйге бойынша үздіктер анықталды. Ұлттық спортты ұлықтаған додада шабандоздар жоғары шеберлік көрсетіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен және ақшалай марапаттармен марапатталды.

Охранные мероприятия по РГУ «Жонгар-Алатауский ГНПП»

Охрана фауны осуществляется стационарным и оперативным путем силами инспекторского состава, патрулирующих на восьми лесничествах Лепсинского, Сарканского и Алакольского филиалов Национального парка. Работа ведется организацией патрулирования в закрепленных обходах, проведением по ним рейдов, выставлением блокпостов при проведении специальных мероприятий в период высокой пожарной опасности и охране хвойных насаждений в предновогодний период.

Оперативная охрана сформирована из оперативных групп при филиалах ГНПП, отряда оперативного реагирования по нарушениям природоохранного законодательства при дирекции парка и оперативно – разъездной группы из числа инспекторов РГУ «Жонгар-Алатауского ГНПП». Разработаны положения и утверждены планы их работ. Группы полностью обеспечены служебным оружием, спецсредствами, радио и мобильной связью.

Одним из злейших врагов леса является Пожар который не щадит ни лес ни его обитателей, в связи с этим противопожарным мероприятиям в Парке уделяется особое внимание.

В связи с этим в целях недопущения возникновения лесных пожаров сотрудниками Парка ежегодно проводятся ряд профилактических мероприятий с жителями приграничных населенных пунктов и посетителями Парка таких как: проведение агитационно-разъяснительных работ, распространение листовок, установ-

ка аншлагов на природоохранную тему, публикация статей в средствах массовой информации и на интернет ресурсах, ремонт дорог противопожарного значения, уход за минерализованными полосами, для своевременного обнаружения возникновения возгорания и оперативного реагирования ведётся дежурство на десяти пожарно-наблюдательных пунктах. Согласно нормам и нормативам планируется постройка 5 ЛПС в лесничествах, для этого с лесных учреждений дружных областей в наш баланс были переданы 7 пожарных автомашин для тушения лесных пожаров.

На территории Парка функционируют в полном объеме четыре лесопожарные станции, команды которых обеспечены всей необходимой техникой и инвентарём и в течении всего пожароопасного периода находятся в полной боевой готовности, готовые в любую минуту выполнить свои должностные обязанности.

По окончании пожароопасного периода текущего года и до начала пожароопасного периода следующего года с командами лесопожарных станций для повышения уровня знаний проводятся ряд теоретических и практических учебных занятий на противопожарную тему.

Лес и его обитатели это наше богатство переданное нам предками сохраним его для будущего поколения.

С.ТОЛЕПБЕКОВ,
руководитель отдела охраны и воспроизводства природных комплексов РГУ «Жонгар-Алатауский ГНПП».

Аудан тұрғындарының назарына

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы №18-02/40 бұйрығымен бекітілген «Ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау толтыру және беру қағидасын (бұдан әрі қағида) 3 тарау 13-1,13-2,13-3 тармақтармен Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы №28 бұйрығы мен толықтырылды. Осыған орай, «Бөрлітөбе орман шаруашылығы» КММ 2022 жылдың қаңтарынан бастап «Ағаш кесу және орман билетін беру» мемлекеттік қызметін жеке және заңды тұлғаларға egov порталы арқылы электронды үлгіде ұсынады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі мал жаю алаңдары жартылай шөлейт және шөлейт аймақтарында: бір бас қой, ешкіге 3,0 гектар, бір бас мүйізді ірі қара мал (сиыр) 5,0 гектар, бір бас жылқыға 7,2 гектар болып бекітілген. Толық ақпарат алу үшін хабарласу телефоны: 872843-2-10-15

Е.БАРЛЫКБАЕВ,
«Бөрлітөбе орман шаруашылығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас инженері.

Жабайы жануарларды қорғау мақсатында

Қазақстандағы жануарлар әлемі - фаунаының Қазақстандағы ландшафт зоналарында мекендейтін айрықша түрлерімен таныстыратын ерекше басылым. Қазіргі кезде дүние жүзіндегі жабайы аңдар мен құстардың 600-дей түрінің саны азайып, құрып кетуге жақын тұр. Жалпы Қазақстанда қазір жойылып кету қаупі бар аңдардың - 32 түрі, құстардың - 35 түрі бар, соның ішінде өзімізде мекен ететін архар сүтқоректі жануары да бар.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңдарының міндеттері жабайы жануарлардың табиғи еркін тіршілік жағдайларын қамтамасыз ету, табиғи үйірлердің түр жағынан сан алуандылығы мен тұтастығын сақтау мақсатында оларды қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп отыру, сондай-ақ осы саладағы заңдылықты нығайту болып табылады. Жабайы жануарларды қорғау мақсатында Бөрлітөбе ОШКММ-нің мемлекеттік орман күзеті қызметкерлері және табиғи қорғау полициялары бірігіп рейдтік іс-шаралар жұмыстарын атқарады.

А.БЕЛГІБАЕВ,
Бөрлітөбе ОШКММ-нің аңтанушы-биологы.

Балалар киіміне қойылатын негізгі гигиеналық талаптар

Ата-аналарды мазалайтын басты сұрақтардың бірі-балаға не кию керек. Гигиеналық тұрғыдан алғанда, мектеп киімін таңдаған кезде біріншіден, ол тігілген матаға назар аудару керек. Алдымен материалды қолға ұстап көріңіз. Ол тікенді және дөрекі болмауы керек. Содан кейін жапсырманы зерттеуге керек. Мұнда «ЕАС» әріптері болуы керек-бұл техникалық ережелерге сәйкестік белгісі. Сондай-ақ, өндірушіні, шығарылған күнін және құрамын қарап шығу керек.

Сонымен қатар, құрамында тек негізгі мата ғана емес, сонымен қатар қосымша, мысалы, астар көрсетілуі керек. Барлық жас топтарындағы тоқыма материалдарына синтетикалық талшықтар мен жіптердің рұқсат етілген салынымдары блузка және қырық түржиын бұйымдарында 30-35%-дан және костюм түржиыны бұйымдарында 55%-дан аспауы тиіс. Астар табиғи және (немесе) жасанды талшықтардан (вискозадан) жасалуы тиіс. Табиғи талшықтар матаға «ауа жіберуге» және ылғалды сіңіруге мүмкіндік береді. Синтетика — материалдың мықтылығын арттырады, өнімді жуу мен үтіктеуді жеңілдетеді. Киім маталарындағы синтетикалық талшықтардың көп

бөлігі балалардың денсаулығына өте зиянды. Синтетика тіңдердің ауа жіберуін бұзады, нәтижесінде дене дем алмайды, жылу жайлылығы жоқ – бала терлейді. Терлеудің жоғарылауы гипотермияға әкеледі, сондықтан суық тию қаупі жоғары. Синтетикалық киім әсіресе аллергиялық ауруларға бейім балалар үшін қауіпті.

Есіңізде болсын, заттың өткір иісі болмауы керек. Егер иіс болса, онда мұндай затты сатып алудан бас тартқан дұрыс. Шамасы, өндіруші қауіпті бояғыштарды немесе химиялық сіңдірулерді қолданған. Дұрыс таңдалған киім қозғалысқа кедергі болмайды. Сондықтан, бұл өнімде балаға тек партада отыруға ғана емес, сонымен қатар жүруге және жиі жүгіруге тура келетініне байланысты өлшемді таңдаңыз. Киім тым тар және тығыз болмауы керек. Баланың физикалық дамуы және жалпы денсаулығы аяқ киімнің сапасына байланысты.

Тегіс аяқтардан, деформацияланған аяқтардан, омыртқадан және басқа аурулардан аулақ болу үшін балалар аяқ киімін сатып алу кезінде келесі сипаттамаларға назар аудару керек:

Материал. Кем дегенде ішкі астар мен ішкі жағы табиғи материалдардан жасалған модельдерді таңдаңыз. Аяқ киім жүктеменің дұрыс бөлінуін қамтамасыз ету және балтырды қорғау үшін аяққа жақсы бекітілуі керек. Қатты артқы және жұмсақ жиектері бар аяқ киімді таңдаңыз. Балаларға арналған аяқ киім кішкентай өкшемен, шамамен 2 см болса жақсы. Бұл сонымен қатар жүктемені аяққа бөлуге көмектеседі. Тым тар немесе тым кең аяқ киім сатып алмаңыз. Ұзындығы бойынша рұқсат етілген өлшем: 1-1, 5 см.

Р.ОРЫНБЕКОВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы.



•Круглый стол

Наследия новые страницы



Во Дворце языков города Талдыкоргана состоялся круглый стол, посвященный дню рождения выдающегося государственного деятеля, ученого, просветителя и первого казахского инженера-железнодорожника Мухаметжана Тынышбаева.

Встреча собрала историков, ученых, преподавателей вузов, общественных деятелей, журналистов, краеведов и молодежь. Главной темой разговора стало не только известное наследие М. Тынышбаева, но и новые факты его деятельности, которые сегодня постепенно открываются благодаря архивным поискам, научным исследованиям и кропотливой работе историков.

Участники круглого стола отметили, что имя Мухаметжана Тынышбаева давно занимает особое место в истории Казахстана. Однако его жизнь и деятельность до сих пор изучены не до конца. Многие страницы, связанные с его общественной работой, научными взглядами, участием в политических процессах начала XX века еще требуют внимательного исследова-

ния. Именно поэтому подобные встречи имеют большое значение: они помогают по-новому взглянуть на личность ученого, восстановить забытые факты и заполнить те «белые пятна», которые долгие годы оставались вне поля зрения широкой общественности.

С обстоятельными докладами выступили исследователи и краеведы Жетысу. Особый интерес участников вызвало выступление кандидата исторических наук, преподавателя Жетысуского университета имени Ильаса Жансугурова Кулимокз Сантаевой. В докладе были приведены архивные материалы и исторические свидетельства, раскрывающие его политическую позицию, гражданскую смелость и участие в защите интересов казахского народа в период национально-освободительного восстания 1916 года.

Тему исторического наследия продолжил писатель, лауреат международной литературной премии «Алаш» Жомарт Игиман. Особо было подчеркнуто, что труды ученого важны для молодого поколения, которое должно знать историю

не только по общим датам и крупным событиям, но и через судьбы конкретных людей.

Отдельное внимание в выступлении журналиста и историка Кажета Андаса было посвящено практически одностороннему изучению наследия ученого. По его словам, научное наследие значительно шире и требует более глубокого, системного изучения.

По словам участников встречи, сегодня исследователи все чаще обращают внимание на то, что деятели «Алаш» не ограничивались политическими заявлениями. Они думали о будущем страны практически: о школе, науке, управлении, экономике, инфраструктуре, земле, правах народа. В этом смысле Мухаметжан Тынышбаев был человеком широкого кругозора. Он получил инженерное образование, работал в сфере железнодорожного строительства, занимался историческими исследованиями и одновременно участвовал в общественной жизни. Такая многогранность делает его фигуру особенно значимой.

Почетным гостем мероприятия стала внучка деятеля, Елена Искандерова Тынышбаева. Она поблагодарила организаторов круглого стола за сохранение памяти о своем деде и отметила важность подобных научных встреч для молодежи. Ее участие придало мероприятию особую теплоту. Ведь за именем, вошедшим в учебники и научные труды, стоит судьба живого человека, семьи, поколения, прошедшего через сложные испытания.

Выступил также председатель фонда имени Мухаметжана Тынышбаева Саят Есимханов. Он сообщил, что уже ведется большая подготовительная работа к 150-летию выдающегося деятеля, который будет отмечаться в 2029 году. В рамках подготовки планируется проведение международных конференций, публикация архивных документов и новых научных исследований, посвященных жизни и деятельности Мухаметжана Тынышбаева.

Эта работа, как подчеркнули участники встречи, имеет большое значение. Юбилейная дата должна стать не просто памятным мероприятием, а поводом для серьезного научного разговора. Важно не только еще раз назвать заслуги ученого и политического деятеля, но и продолжить изучение его наследия, ввести в научный оборот новые документы, уточнить спорные вопросы, показать молодому поколению масштаб его личности. Ведь чем глубже исследуются архивы, тем яснее становится: многие страницы истории еще ждут своего открытия.

Подводя итоги встречи, участники круглого стола подчеркнули, что наследие Мухаметжана Тынышбаева остается важной частью исторической памяти страны. Его жизнь показывает, каким может быть служение народу через знания, труд, гражданскую позицию и верность своему делу.

Жанар МЫКТЫБАЕВА.

Тарихи мерекеге орай Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінде «Ұлы Жеңіс жасасын!» атты көрме ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – ел тыныштығы жолында жанын қиған батырлардың ерлігін ұлықтап, туған жерден аттанған жерлестеріміздің есімін ұмытпай, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухын сіңіру.

Көрмеге Лепсі ауылынан майдан даласына аттанып, елге аман оралған ардагерлердің жеке заттары, алған орден-медалдары, фотосуреттері мен кітаптары қойылып, келушілер назарына ұсынылды.

Атап айтқанда, майданға қатысып, қан кешуден аман келген жерлесіміз Ахметов Мұратбек атамның соғыс жылдарындағы әр күнін хатқа түсірген жеке күнделігі ерекше қызығушылық тудырды. Онда майдангердің қысқа ғана бірнеше күн ішінде отыздан астам жау жауынгерін ерлікпен жойғаны, үш рет жараланып, госпитальда емделу сәттері және сол кездерде жанқиярлықпен еңбек еткен медицина қызметкерлерінің еңбегі



туралы әсерлі естеліктері кеңінен баяндалады. Сонымен қатар көрмеде оның майданда пайдаланған әскери китегі, көзілдірігі, жеке портфелі және ерлігі үшін берілген орден-медалдары де көпшілік назарына ұсынылды. Келесі бір ержүрек майдангеріміз Қойгельдинов Алдаберген туралы да тағылымды деректер келушілер назарына ұсынылды. Ол кісінің соғыс жолындағы ерлігі мен Жеңіс жолындағы қажырлы еңбегін айғақтайтын құнды жәдігерлердің қатарында ерлігі үшін табысталған орден-медалдары көрме

төрінен орын алды. Сонымен қатар, оның өмір жолына қатысты жеке заттарының бірі ретінде соғыстан кейінгі жылдары да сақталып келген костюм-шалбары көрмеде көпшілік назарына ұсынылды.

Айта кетерлігі, Алдаберген атамның майдан шебіндегі ауыр шайқастардан өтіп, Жеңіс туы желбіреген Берлинге дейін жеткен ержүрек жауынгерлердің бірі болған. Бұл дерек оның ерлігін айқындай түсіп, келушілерге зор әсер қалдырды. Сондай-ақ көрмеде басқа да ардагерлердің жеке заттары мен мара-

паттары көпшілік назарына ұсынылды. Олардың қатарында майдан даласында медбике болып қызмет еткен Демечконың соғыс жылдарынан сақталған жеке бұйымдары мен ерлігі үшін берілген наградалары бар. Ол кісінің майдандағы жанқиярлық еңбегі жаралылардың өмірін сақтап қалуға қосқан зор үлесімен ерекшеленеді.

Сонымен бірге Көкжиде ауылының тұмасы Қайрулдаевтың да барлау бөлімінде атқарған қызметін айғақтайтын жеке заттары мен марапаттары көрмеден орын алды. Көрмеге орта мектеп оқушылары мен ұстаздары, сондай-ақ К.Д.Ушинский атындағы орта мектептің педагогтары, ауыл тұрғындары және түрлі мекеме қызметкерлері белсене қатысты.

Көрмедегі құнды жәдігерлер өткен күннің ауыр шындығын көз алдымызға әкеліп, бейбіт өмірдің баға жетпес құндылығын терең сезінуге мүмкіндік берді.

**Д. ТУНГАТОВА,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды
музейінің экскурсия жүргізушісі.**

Хабарландыру/Объявление

► **Абдурайым Айжан Аманбайқызының** атына ҚР ІІМ-нен 29.09.2023 жылы берілген 054580571 нөмірлі жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Касымбекова Раушан Зейнельбековнаның** атына тіркелген AUDI C 4 маркалы автокөліктің 419 АІJ 19 мемлекеттік тіркеу номері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Открылось наследство после смерти гр. **Джексемба Гульнары Досановны**, умершей 31 марта 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.

Білім және ғылым қызметкерлерінің Сарқан аудандық кәсіподақ комитеті Аманбөктер негізгі орта мектебінде көптеген жылдар басшылық қызмет атқарған Мәлике Жантасоваға жолдасы

Мұхамедсадықов Темірхан Камелшаұлының
дүниеден озуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Аманбөктер негізгі орта мектебінің ұжымы осынау мектепте ұзақ жылдар басшылық жасап, ұстаздық еткен ардагер ұстаз Мәлике Жантасоваға жолдасы

Мұхамедсадықов Темірхан Камелшаұлының
дүниеден озуына байланысты қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.